

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 қарашадағы N 1063 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 ақпандағы N 200 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 қарашадағы N 1063 қаулысына Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 43, 502-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесінде:

7-тармақтың екінші абзацында "1) және 2) тармақшаларына" деген сөздер "1), 4) және 5) тармақшаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарында:

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғалар үшін - "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімінің немесе "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар қызметкермен еңбек ш а р т ы н ы ң " .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

